

ХАТТАМА № 07
Ата-аналар жиналысы

Өткізілген орны: «Аққулы ауданының Шарбақты ЖОББМ» КММ

Күні: «27» ақпан 2026 ж.

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, ата-аналар (тізім бойынша 81 адам)

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру және сапасын бақылау.
2. Мектеп асханасындағы санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы.
3. Ата-аналар комитетінің тамақтану сапасына мониторинг жүргізуі.

Төрайым: Сальменова А.Ж. – Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары.

Хатшы: Тогузбаева К.Е.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Сальменова А.Ж. (ТІЖДО):

Жиналысты аша отырып, балалардың денсаулығы мен сапалы білім алуында дұрыс тамақтанудың маңызы зор екенін атап өтті. Мектептегі ыстық тамақпен қамту мемлекеттік стандарттарға сай жүргізіліп жатқанын, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларының тегін тамақпен қамтылу барысын түсіндірді.

2. Шапуова С.М. (Медбике):

Мектеп медбикесі асханадағы тағамдардың құнарлылығы мен бекітілген мәзірдің (меню) сақталуы туралы ақпарат берді. Күнделікті тағамдардың сапасына бракераждық комиссия тарапынан бақылау жасалатынын, өнімдердің сақталу мерзімі мен санитарлық талаптардың қатаң қадағаланатынын жеткізді.

Оқушылардың ас ішер алдында қолдарын жуу гигиенасы мен ас ішу мәдениетіне тоқталды.

3. Тюлюмбаева А.М. (Ата-аналар комитетінің төрайымы):

Ата-аналар тарапынан асхана жұмысына жүргізілген қоғамдық бақылау нәтижелерін айтты. Тамақтың дәмі, порция мөлшері және асхананың тазалығына көңілдері толатынын, бірақ балалардың газдалған сусындар мен зиянды тағамдарды (чипсы және т.б.) тұтынбауын үйден де бақылау керектігін ескертті.

ПІКІР АЛМАСУ:

Ата-аналар тарапынан мәзірдің әр түрлілігі және ас мәзіріне көкөністер мен жемістерді көбірек қосу туралы ұсыныстар айтылды. Қойылған сұрақтарға медбике мен ТІЖДО тарапынан толық жауаптар берілді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Мектептегі оқушылардың ыстық тамақпен қамтылу жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Мектеп медбикесі (Шапуова С.М.) күнделікті мәзірдің сапасын және санитарлық жағдайды қатаң бақылауда ұстасын.
3. Ата-аналар комитетінің (Тюлюмбаева А.М.) қатысуымен құрылған комиссия айына кемінде бір рет асхана жұмысына мониторинг жүргізіп отырсын.
4. Оқушылар арасында «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.

Жиналыс төрайымы: А.Ж. Сальменова / Сальменова А.Ж./

Жиналыс хатшысы: К.Е. Тогузбаева / Тогузбаева К.Е. /